

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 сәуірдегі N 368 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 қазандағы N 1068 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 116 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 13.03.2017 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу үшін ақы белгілеу туралы және Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу туралы ақпарат беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 сәуірдегі N 368 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 17, 175-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыптағы және 1-тармақтағы "тіркеу үшін ақы" деген сөздер тиісінше " мемлекеттік тіркеу үшін алым ставкаларын", "мемлекеттік тіркеу үшін алым ставкалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

кіріспедегі "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңына " деген сөздер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі), Қазақстан Республикасының "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы және "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі заңдарына " деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "тіркеу" деген сөз "мемлекеттік тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу туралы ақпарат беру ережесінде:

тақырыптағы және мәтіндегі "тіркеу" деген сөз "мемлекеттік тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру ережесі Қазақстан Республикасының "Сауда

мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы және "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі заңдарына сәйкес әзірленді және кемең немесе жасалып жатқан кемеңнің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру тәртібін айқындайды.

2. Кемеңнің немесе жасалып жатқан кемеңнің ипотекасын мемлекеттік тіркеуді кемелерді мемлекеттік тіркеу органы (бұдан әрі - тіркеуші орган) осы кеме тіркелген Қазақстан Республикасының кемелер тізіліміне тиісті жазба енгізу жолымен жүзеге асырады.";

4-тармақтағы "кемеңнің немесе жасалып жатқан кемеңнің ипотекасын тіркеу тізілімінен" деген сөздер "кеме тіркелген Қазақстан Республикасының кемелер тізілімінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 23 қазандағы  
N 1068 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 17 сәуірдегі  
N 368 қаулысына  
қосымша

Кемеңнің немесе жасалып жатқан кемеңнің ипотекасын  
мемлекеттік тіркеу үшін алым ставкалары

Кемеңнің немесе жасалып жатқан кемеңнің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін алым ставкасы мыналарды құрайды:

1) жеке тұлғалар үшін - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген бір айлық есептік көрсеткіш;

2) заңды тұлғалар үшін - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген бес еселенген айлық есептік көрсеткіш.